

# Киіз басамыз

## Оқу мақсаты:

- оқушылар өздері үшін жаңа материал болып табылатын жүнмен танысады және киіз басып көреді;
- киіз басу кезінде шығармашылық идеяларын дамытады;
- басылған киізді кілем формасына келтіреді.

## Тірек сөздер:

сырмақ;  
киіз басу.

## Оқулық:

Киіз басамыз, 60–61 бб.

## Жұмыс дәптері:

29-жұмыс парағы. Киіз басамыз, 31-б.

30-жұмыс парағы. Киіз басамыз, 32-б.

## Ресурстар

Жүн (табиғи немесе жасанды), басуға арналған кілемше (бамбук, ковролин, бедерлі резеңке, қуыс бұдырлы полиэтилен), капрон мата, сабын ерітіндісі. Сырмақ-кілемнің үлгісі. Сондай-ақ, клеёнка, сабын ерітіндісін бүркуге арналған тесік қақпақты бөтелкелер, дайын киізді шаюға қажетті ыдыстар және сүлгілер. Нобайларды салатын оқушылар альбомы, қара қарындаштар.

## Сабаққа дайындық

Сабаққа сырмақ үлгісін немесе оның суреті салынған көрнекі құрал әкелу керек. Егер мұғалім бұрын-соңды киіз басып көрмесе, алдын ала өз бетінше басып үйренуі тиіс. Сыныпта жұмыс істеуге қажетті және сабақтың артынан үстел үстін тазартуға арналған су болуы керек.

## Сабаққа байланысты деректі материалдар

**Киіз басу** – дәстүрлі қазақ қоғамында дамыған киіз жасау өнері. Оған жүн талшықтарының бір-бірімен ұйыса байланысатын қасиеті негізге алынған. Қазіргі заманғы шұға басу, байпақ жасау, фетр (қалпақтық биязы киіз) басу жұмысы осы әдіспен жүзеге асырылады.

**Жүн** – ұйысуға бейім бірден-бір талшық. Ол ылғал мен температура әсерінен және механикалық әрекет нәтижесінде ширайды да, жасалып жатқан бұйымның көлемі кішірейіп, тығыздығы артады. Киіз басу ісімен қазақ халқы өте ертеден таныс. Ғасырлар бойы көшпелі өмірге ыңғайлы тұрмыстық бұйымдардың бірқатарын киізден жасап келгендіктен, киіз басу технологиясын әбден

меңгеріп, өнер дәрежесіне жеткізген. Дәстүрлі қазақ қоғамында киіз басу ісі маусымдық сипатта болған. Ол күзде қойды қырқудан басталады да, қырқылған күзем жүннің барлығын өңдеп болғанға дейін созылады.

**Сырмақ** – киізден жасалып, ою-өрнекпен әшекейленген төсеніш. Сырмақ киіз үйдің ішін безендіру үшін қолданылады. Киізден оюды ойып алғаннан кейін өрнектің екі жағы да пайдаланылады. «Сырмақ» атауы оны дайындау әдісінен алынған. Қазақта «сыру» деген сөз арасын жиі етіп тігетін тігістің түрі, араларын жиі етіп бастырып тігу дегенді білдіреді.

## Сабаққа қатысты ескертулер

**Айтып бер.** Сабақты алдыңғы сабақта өткен материалды қайталаудан бастаңыз. Оқушылардан суреттегі заттардың неден жасалғанын сұраңыз. Бұл үшін не керек? Оқушылардың жауабын тыңдаған соң, киіз басу үшін алдымен жүнді әзірлеу керектігін айтыңыз. Жүн қырқылып алынған соң, оны тазалайды, жуады, түтеді, қажет болса бояйды. Дайын киізден сырмақ жасайды.

**«Сен білесің бе?»** айдары оқушылардың дәстүрлі қазақ тоқымасы туралы білімін кеңейтеді. Олар қазақтың киізден жасалған ою-өрнекті киіз кілемінің **сырмақ** деп аталатынын және оның киіз үйдің ішін жабдықтауда қолданылатынын, ою-өрнектерінің астарға аппликация техникасында жапсырылатынын біледі.

**Шаршы бетіндегі өрнектерге қара.** Сырмақ туралы білімдерін бекіту үшін оқушыларға суретке қарап, олардың ерекшеліктерін анықтауды сұраңыз.

### Ықтимал жауаптар

Оқушылар екі шаршыдағы өрнектердің бірдей екенін, тек түстерінің әртүрлі екенін айтады.

Оқушылардың назарын қиылып алынған оюдың киізге қалай тігілгеніне аудару керек. Бір тілім киізден ою тілініп алынды. Екі тілім өрнек те киіздің бетіне қойылады. Осылайша, бір бөлігі өрнек болатын болса, екінші бөлігі фон болады. Киіз басу қажырлылықты талап ететін іс болғандықтан, шеберлер киіздің әр тілімін үнемдеп пайдаланады. Оқушыларға оқулықтағы мәтінді оқып шығып, мына сұрақтарға жауап беруін өтінізіз. Жүнді қалай түтеді? Киіздің қалыңдығы неге байланысты болады? Киіз басуға тағы не керек?

### Ықтимал жауаптар

Оқушылар киіз басу үшін жуылып, түтілген жүннің үсті-үстіне қабат-қабат етіп қойылатынын айтады. Сабынды су пайдаланылады. Қайта-қайта тапталған жүн киізге айналады. Киіздің қалыңдығы жүннің қабатына байланысты болады.

«Өзіңді тексер» тапсырмасында оқушылардың қолдарынан сабын ерітіндісін дайындау келетінін/ келмейтін сұраңыз. Оны дайындау үшін не керек?

#### **Ықтимал жауаптар**

Оқушылардың бәрі дерлік мұндай істің қолдарынан келетінін, бұл үшін суға сабынды езіп, оған шампунь құю керектігін айтады.

«**Анықта**» айдарында оқушылар өздері үшін қандай киіз басатынын, оның суретті немесе суретсіз болатынын анықтайды.

«**Орындап көр**» айдарында өз ойларын жүзеге асыруға, яғни шағын ғана киіз тілімін басуға кіріседі. Оқушылар жүнмен бірінші рет жұмыс істейтіндіктен, іс-әрекет барысын көрсетіп, солармен бірге жасаңыз. Олардың бірі баяу қимылдап немесе қиналып жатса, оны асықтырмаңыз немесе оған көмектесіп жіберіңіз.

1. Бамбук кілемшенің бетіне жүнді қабаттап жинастырыңыз. Бірінші қатпарын тігінен, екінші қабатын – көлденеңінен тартыңыз. Үлгідеп, көтеріліп кетпеуі үшін әрбір қабатты таптап басып отырыңыз.
2. Жұқа матамен бетін жабыңыз.
3. Сәл дымқыл болуы үшін сабын ерітіндісін бүркіп, жүнді ақырын ғана таптап басып қойыңыз. Шамадан тыс ерітінді құюға болмайды.
4. Жүн төсемін қолыңызбен жан-жаққа тартып таптаңыз. Жүн қатпарларын үзіп алмаңыз. Жүн киізге айналғанша оның төсемін таптап тарта беріңіз.
5. Дайын киізді таза сумен шайып, кептіру үшін жайып қойыңыз.

### **Тілдік құзіреттілікті дамыту**

Ауызша сөйлесім және айтылым	Бұл дағдылар сабақ тапсырмаларын орындау, сырмақты дайындау жолдарын талқылаған кезде дамытылады.
------------------------------	---

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Оқушылардан өздерінің жасаған бұйымдарын экспозиция үстеліне әкеп қояды сұраңыз. Киіз басу ісінің ұнаған/ұнамағанын сұраңыз. Кім қиналды? Кім жұмысын аяқтай алмады? Оқушылардан ең жақсы жұмыстарды айыруды тапсырыңыз. Жақсы орындалған жұмыстардың белгілері: жақсы басылған жүн, бұйым тығыздығының біркелкілігі, қалыңдық формасының сақталуы (домалақ, тікбұрышты, сопақ). Олардан неге осылай есептейтінін сұраңыз. Одан әрі сұраңыз: «Тағы да киіз басқыларың келе ме? Кімнің қандай жаңа идеясы бар?». Бағалау жұмысын ұжымдық әңгімелесу түрінде жүргізуге болады.

### **Жұмыс дәптерімен жүргізілетін жұмыстарға арналған нұсқаулар**

Бірінші тапсырма оқушылардың киіз бетіне салынатын суреттер туралы түсінік қалыптастыруына мүмкіндік береді. Екінші тапсырма сабақта алған білімдерін бекітеді. Оқушылар берілген сырмақ үлгілерін бояу керек. Ол үшін берілген екі суретті бояйтын екі түсті таңдайды. Сырмақ бөлшектері бір-біріне қарама-қарсы мәңде боялуы керек (мыс., жақсылық пен жамандықты бейнелейтін түстер).

### **Қосымша тапсырмалар**

Қосымша тапсырма ретінде оқушыларға өз киіз төсемдерін бояуды тапсырыңыз. Төсемдері дымқыл кезінде оған фломастермен түсті сурет салып, кептіру керек.